

ЕСІМНАМАЛАР/ PERSONALIA/ПЕРСОНАЛИИ

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2021-4-112-118>

А.М. Азмұханова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы
(E-mail: azmukhanova_am@enu.kz)*

Ғалым және жазушының мерейтойына (Тұрсын Жұртбай – 70)

Филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Қытай Халық Республикасының Орталық мемлекеттік Ұлттар университетінің құрметті профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбай – белгілі жазушы, әдебиеттанушы, алаштанушы, Қазақстан Республикасының рухани мәдениетінің тарихын зерттеуші. Ғалымның қазақ әдебиетінің тарихына қатысты іргелі еңбектері республикадан тыс жерлерге де өте жақсы таныс. Көркем шығармалары мен зерттеу еңбектері әлемнің 19 тіліне, ал ғылыми еңбектері ЮНЕСКО-ның ресми тілдеріне аударылған. 1000-нан астам ғылыми мақаланың, 77 кітап пен ғылыми монография, оқу құралының авторы. Саналы ғұмырын еліміздің рухани мәдениет тарихына, жазушылыққа, әдеби-публицистикаға, білім беруге, қоғамдық қызметке арнаған ғалымның өмір жолы жас ғалымдар үшін ғылымға қызмет етудің үлкен үлгісі және оларды өз халқы үшін жасампаз еңбекке баулитыны қуантады.

Биыл мерейлі 70 жасқа толып отырған көрнекті ғалым, ұстаз, қаламгер Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбайды журналымыздың редакциясы атынан шын жүректен құттықтап, мықты денсаулық, бақыт, Қазақстан ғылымы мен руханиятының дамуына қосар үлесіңіз мол бола беруіне тілектеспіз!



1. Өмірбаяны

Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбай 1951 жылғы 15 тамызда Семей (қазіргі Шығыс Қазақстан) облысы Абай ауданының Шаған ауылында туған. 1969-1974 жылдары қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетінде оқыды.

1974-1998 жылдар аралығында «Жетісу» газеті, «Білім және еңбек» (қазіргі “Зерде”), «Жұлдыз» журналдарында әдеби қызметкерден редакция меңгерушісіне дейін, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкерден бөлім меңгерушісі, ҚР ҰҒА-ның «М.Әуезов мұражай үйі» Ғылыми-мәдени орталығының директоры лауазымында басшылық қызметтер атқарды.

1998-2001 жж. Әдебиет және өнер институтының докторанты, аға ғылыми қызметкері. 1992 жылы «М. Әуезовтің «Қилы заман», «Қараш-Қараш» хикаяттарындағы көркемдік және тарихи шындық» тақырыбында кандидаттық, 2000 жылы «М.О.Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны мен көркемдік әлемі» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. 2002 жылы Т.Қ. Жұртбайға профессор ғылыми атағы берілді.

2001-2018 жылдары Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының директоры, 2018 жылдан бері бүгінгі күнге дейін сол Орталықтың бас ғылыми қызметкері.

2. Профессор Т.Қ. Жұртбайдың ғылыми-зерттеушілік қызметі

Тұрсын Жұртбайдың бүгінгі күнгі 70 жылдық ғұмырнамасында ерекше орын алатын ғылыми-зерттеушілік қызметінің бірнеше бірнеше бағытын салалап көрсетуге болады.

Бірінші сала – *ғылыми салыстырмалы талдау*. Бұл бағытқа ден қоюына университеттік біліммен қатар ғалымның 1980-1991 жылдар аралығында белгілі ғылыми-көпшілік журналдарда тарихи шығармалардың негіздерін талдауы, тарихи шындықты және әдебиеттегі көркемдік ерекшеліктерді айқындаудауы, жастардың шығармашылығы туралы сыни мақалалары ғылым әлеміне үлкен серпін берді. Сондай-ақ, ғалымның сол тұста КСРО Жазушылар одағының сын кеңесінің пленум мүшесі болуы да, қазақ әдебиетіндегі үздік шығармаларды кеңірек насихаттап танылуына себеп болды. Т. Жұртбайдың белгілі ғалымдардың шығармашылық шеберліктері туралы жазған сыни эссе-естеліктерін әдебиеттанулық зерттеу деп айтуға толық негіз бар. Үлкен резонанс туғызған Абайдың өмірі мен текстологиясы туралы, М. Әуезовтің шығармаларындағы тарихи шындық, көркемдік жағы туралы салыстырмалы зерттеулері еді. Айта кететін бір мәселе, ол кезде сыншыларды алты айда бір рет Мәскеуге арнайы тақырыптық кеңестермен семинарға шақыртып оқытатын, ол жерде әлем әдебиетіндегі жаңалықтар, жаңа бағыттар туралы мағлұматтар алуға, ізденіс ауқымын кеңейтуге үлкен тәжірибе алуға мүмкіндік болатын. Бұл тәжірибе мектептері әрине, ғалымның әдебиеттану саласына жаңа бағыттарды ендіріп, мұрағат мұраларымен байланыстыра отырып әдеби ортаға белгісіз 200-ден астам тың тарихи деректерді ғылыми айналымға түсіруге жол ашты.

Осындай үлкен ғылыми мәселелерді өткір қоя отырып, нәтижесінде 1990 жылы жарық көрген «Бейуақ» атты салыстырмалы әдеби талдау монографиясы, осының негізінде екі жылдан кейін сәтті қорғалған кандидаттық диссертациясы әдебиет әлемін тың бағытпен толықтырды. «Бейуақ» – 1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық көтеріліске, ондағы Ұзақ, Жәмеңке, Әбубәкір сияқты басшыларына байланысты 600-ден астам мұрағат құжаттарын пайдалана отырып жазылған тарихи еңбек болса, «Талқы» – сол бір қиын жылдардағы жазықсыз жапа шегіп қудаланғандар туралы, олардың түрмедегі тергеу істері туралы зерттеу кітабы еді. Ал, «Дара тұлға» – ұлы актер Қалибек Қуанышбаев туралы зерттеу еңбегі ғылыми ортаға жаңа леп әкелді.

Екінші зерттеу саласы – *абайтану және әуезовтануда* ғалым өзінің қаламгерлік тәжірибесі мен зерттеушілік қабілетін молынан көрсете отырып, ғылым әлемін тартымды да түйсікті шығармалармен толықтырды. Бұл саладағы «Жұртбаевтың жанкештілігі» деген атау алған 4 том архив материалдарын жинақтаудың нәтижесінде дүниеге келген «Бесігінді түзе!...», «Бесігінді ая!...», «Бесігінді аяла!...», «Бесігінді ұмытпа!...» және Ұлы Абай мен данышпан Әуезовке, тарихи және әдеби тұлға ретінде зерттеу нысанына алған Құнанбай бейнесін ашуға арнаған іргелі де маңызды бірнеше монографиялармен мазмұндық, тақырыптық, стильдік,

формалық тағы басқа жағынан да соны ізденістер мен тың жаңалықтарға толы сүбелі зерттеулік көркем дүниелер. «Бесқарагер», «Жер бесік», прозалық жинақтары да іштей психологиялық иірімге құрылған классикалық үлгідегі көркем ізденіске бай шығармалар тобын құрайды. Тұрсын Жұртбайдың ғылыми жетекшілігімен 1991-2001 жылдар аралығында «М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», «Әуезов әлемі», «Абай жолы» роман-эпопеясының ғылыми-текстологиялық салыстырудан өткен басылымы, М.О.Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағының 1-7 томдары, М.Әуезовтің «Ескермедім, қабылдамадым...» атты ашық хаттар жинағы және оның қатысуымен «Мұхтар Әуезов» энциклопедиясының дайындалуы да ғылымға жаңа тыныс қосқанымен маңызды. Осындай тынымсыз еңбек қорытындысы – 2000 жылы ғалымның «М.О. Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны мен көркемдік әлемі» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғап, ғылым әлеміне өзін тағы да мойындатып, профессор атағын алуына негіз болды.

Жасандылыққа жаны қас сан қырлы талант иесі, жауапкершілігі мол ақынның Абай әлеміндегі болашақтағы зерттеу бағдары болатын бірнеше тақырыптарды Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін, оның ой әлемін тоғыстыра отырып түйістіру тәсілін тың тұрғыда көрсетуі де назар аударарлық. «Абай: Жан бостандығы немесе рухани тәуелсіздік» – автордың қозғаған түйткілді 21 тақырыбындағы ғылыми талдаулар, атап айтқанда Абай ойын, пікір, ұстанымы тұрғысынан отарлау саясатымен, саяси бостандықпен, жалған намыс, орынсыз мақтанмен, экономикалық тәуелсіздік, тәуелді билік, дәстүр мен тәуелді заң, діни таным мәселелерімен, сондай-ақ шоқындыру саясаты, «әулие әкейлердің» миссонерлік ілімі, шоқындыру мектептері, православиелік жазалау саясатымен байланыстыра талдайды. Бұларды нақтылаудағы Абай және Ницше, баланың еркін тәрбиесі, толық адам мәселесі, ұлттық намыс, Абай және Гете, Абай және иламияттағы жәдиттік бағыт, Абай мен Монтень, Абай және Қытай философиясындағы өлім мәселесі, Абайдың үрім бұтағы немесе сөз соңымен аяқтауы да қоғамдағы оқиғалармен қатар әлемдік ұлы есімдердің еңбектерімен және ойларымен құжаттық деректерді ұштастыру тың ойларға бағыт береді. Қысқаша айтқанда Т. Жұртбай жаңа зерттеулер тізбесін жасап, болашақ жас ғалымдарға жаңа ғылыми ізденіс бағыттарына жол көрсетеді.

Үшінші бағыты - *тарихи толғау негізгі өзегі болған әпсаналар*. Тұрсын Құдакелдіұлының екі томдық «Дулыға» зерттеу монографиясы көне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналарды терең зерттеуге алған ғылыми-талдау эсселері, оларды талқыға салуда тарихи-деректік талдаулары батыл болжамдар мен нақты тұжырымдарға толы. Қазақтар мекен етіп отырған Ұлы Дала сахарасында сонау замандардан мекендеген скиф, хун, сақ, массагет, сармат тайпаларының тектік, дәстүрлік негіздеріне, тілі мен дініне, олардың жазба ескерткіштері мен рухани жәдігерлеріне жаңа көзқараспен қарап, тың түсініктемелер берілген бұл еңбекте болашақта қайта қаралуы керек көптеген түйінді мәселелер көтерілген. «Тәуелсіз мемлекеттің тарихы да тәуелсіз идеямен жазылуы тиіс» деген қағиданы алға ұстаған ғалым бүгінгі тандағы ғылымдағы тоғысулардың қатар жүруін заңдылық іспетті қарайтындай, яғни тарих ғылымы мен филология ғылымының арасына шек қойылуы ғылымға жасалған ауырлық болар еді, керісінше тоғысқан ойлардың тұжырымы танымымыздың тірегіне айналуы керектігін айқын көрсетеді. Тарихи тұлғалардың образын жасай отырып, оқиғаны қызықты етіп баяндау – әдебиеттегі тосын бір көркемдік тәсіл ретінде жаңа леп берді. Ұлтының тарихын іздеген зерттеуші ғалым петроглифтер, иероглифтер, рун, қадымша, жәдитше, латынша, армянша тағы да басқа деректердің бар тапқанын ғылыми айналымға қосты. Тарихи шығармаларындағы ұлттық рух анық сезіліп тұрды. Көшпелілердің екі мыңжылдық тарихындағы 77 тұлғаның тағдыры –77 атамыздың тағдыры деп ғалым өзі көрсеткендей, Тарғытайдан бастап Бейбарысқа дейінгі тарихи тұлғалардың бейнесін барынша қанық суреттеуі жазушылық қабілетпен қоса зерттеушілік білімді де сарқа пайдаланғанына куә болып отырмыз. Осы іспеттес тарихи ойға үлкен қозғау салған еңбектері ұзынсонар.

Еңбектерінің ғылыми құндылығының аса жоғарылығымен қатар төменде тізімдемесі берілген барлық еңбектерінің атқарар рухани маңызы да ерекше.

Төртінші бағыты – *Алаш көсемдерінің мемлекеттік бағдарламасын зерттеуі*. Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт зиялыларының ұстанымдарын зерделеуі, ғылыми-танымдық, деректі шығармаларды дендеп зерттеудегі қажырлы еңбегі үлкен ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Мұрағаттарды ақтарды, сарғайған газет-журналдар, сирек қолжазбалар бетінен тарихи тың мағлұматтарды тауып, ғылыми айналымға енгізіп, ақтаңдақтар ақиқатын ашты. 1922-1937 жылдар аралығындағы, 50-жылдардағы ұлт зиялыларын қудалау, қуғын-сүргінге ұшырату туралы, «Алаш» партиясы және «Алашорда» үкіметі басшылары мен мүшелерінің (71 адам) үстінен жүргізілген тергеу істерінің негізінде «Ұраным – Алаш!...» атты үш томдық зерттеу монографиясының шығуы рухани дүниемізде үлкен резонанс туғызды. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының аяғында қоғамдағы демократиялық өзгерістерге байланысты шығармашылық және ғылыми ортада жаңа серпілістің басталуы алдыңғы аға буын мен кейінгі толқын жастардың көзқарастарының алмасу тұсымен дәл келгені, бұрын жабық болып келген тақырыптарды ашуға әсіресе, жаңа идеямен, тың ғылыми көзқараспен келген сол буын қыруар еңбектерді жүзеге асырды.

3. Профессор Т.Қ. Жұртбайдың ғылыми-әдістемелік, қоғамдық қызметі

1990 жылдан бастап Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік қызмет Академиясында, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде абайтану, әуезовтану, жазушының шығармашылық психологиясы, Еуразия романдары, Еуразия романдарының типологиясы, халық ауыз әдебиеті – тарихи дерек көзі ретінде, әдебиеттанудың өзекті мәселелері, туындыны ғылыми талдау, сөз мәдениеті (саяси шешендік) бойынша арнайы курстардан дәріс береді.

2006-2018 жылдар аралығында Қытай Халық Республикасының Орталық мемлекеттік Ұлттар университетінде (Пекин қаласында) профессор ретінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихы, бүгінгі қазақ әдебиеті, абайтану, әуезовтану пәндері бойынша дәріс берді және осы университеттің құрметті профессоры, сондай-ақ Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің құрметті профессоры.

Еліміздің рұхани-тарихи жазба мұраларын сақтау, сирек қолжазбалар мен кітаптарды жинау, жүйелеу және кеңінен пайдалану, қазақстандық тарихтану мен деректанудың ғылыми базасын дамыту және кеңейту мақсатында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының директоры (2001-2018), Бас ғылыми қызметкер ретінде игілікті еңбек етіп келеді. 2001-2007 жылдар аралығында ғалым Т.Жұртбайдың жетекшілігімен Ғылыми орталықтың ғылыми-зерттеу, ғылыми-мәдени, ғылыми-білім беру бағыттары үйлестіріле дамыды, аса көрнекті ғылым, мәдениет қайраткерлерінің мемориалдық кітапхана қорлары, кітап мұражайлары, оқу-әдістемелік «Жазу тарихы» мұражайы ашылды. Оларға 35 мыңға тарта сирек қолжазбалар мен кітаптар жинақталды. Ғалымның тікелей жетекшілігімен Сирек қолжазбалар мен кітаптардың 26 басылымы, соның ішінде «Қазақ ұлт-азаттық көтеріліснің тарихы» атты 30 томдықтың, «Қазақ қолжазбалары (Б.д.д. Ү ғ. –XIX ғғ. дейін)» атты көне түркі, көне қытай, құдам бітік, шағатай, қадыми араб, көне қыпшақ тілдеріндегі қолжазбалардың 10 томдық басылымы құрастырылып, аударылып, ғылыми түсініктемелер жазылып, баспадан шығарылды.

«Көне түркі жазба ескерткіштері мен шығыс қолжазбалары – Қазақстанның Тәуелсіздігінің рухани негізі» (2003-2005) және «Көне түркі жазба ескерткіштері мен шығыс қолжазбалары – Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық идеясының рухани негізі» (2007-2009), «Мәңгілік ел» идеясы – тәуелсіз Қазақстанның ұлттық нысанасының негізі» (2010-2012), «Көнетүркінің құлпытас ескерткіштері мен қазақ қолжазбаларының идеялық негізі». «Көнетүркі және қазақ тарихи-

әдеби жазба мұралары – Қазақстан Республикасындағы Ұлттық идеяның қалыптасуының негізі» (2013-2015), «Біртұтас алаш идеясы» (2016-2018) атты Жобаға ғылыми жетекшілік жасап, түбірлі зерттеулер жүргізді. Осы жоба нәтижесі ретінде ғылымға «Алаш қозғалысы – Движение алаш» (Сборник материалов судебных процессов на алашовцами. Документы, допросы и ответы, синхронные переводы, материалы судов, конфискованные письма. Авторское издания профессора Т.К.Жұртбая. 1-3 том, 2011, 2017) жарық көрді.

Қазіргі мезгілде Т.Қ. Жұртбайдың ғылыми жетекшілігімен Қ.Халидидің «Тауарих-и хамса-и шарқи» қолжазбасының 4 томдығы және «Мамлүктердің қыпшақ тіліндегі жазба мұралары» (XII-XV ғғ.) 5 томдық ғылыми айналымға түсірілу үстінде.

Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбай қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. 1987-1991 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының құқықтық комиссиясының төрағасы, 1991-1996 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының жанындағы Сыншылар мен әдебиет зерттеушілері Ассоциациясының президенті, 1992-1997 жылдар аралығында М.О.Әуезов Халықаралық қайырымдылық қорының президенті міндеттерін атқарды. Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі.

Қазақстанның рухани тәуелсіздігін нығайтуда, тарихы мен мәдениетінің тарихын түбірлі зерттеуде алдыңғы қатарда жүрген қоғамдық ғылым саласындағы көрнекті ғалымдардың бірі ретінде Т.Қ.Жұртбайға – «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді.

Ғалымның соңғы 2016-2021 жылдарда жарық көрген көрнекті еңбектері:

1. Жұртбай Т. «Бейнет сусыны...». («Сұлу сөздің» жүйесі: бағдарламалар мен дәрістер). – Нұр-Сұлтан: ЕҰУ баспасы, 2020. – 262 б.
2. Жұртбай Т. Барлау тамыр. Халық ауыз әдебиеті – тарихи дерек ретінде. (Арнайы курс). – Нұр-Сұлтан: ЕҰУ баспасы, 2020. – 528 б.
3. Жұртбай Т. Боль моя, гордость моя – Алаш! Трилогия / Тұрсын Жұртбай; пер. Орынбая Жанайдарова. – Астана: Аударма, 2016. – 1104 с.
4. Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. В трех томах. – Алматы: Дегдар, 2016. – 408 с.
5. Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. В двух томах. – Алматы: Дегдар, 2016. – 400 с.
6. Біртұтас алаш идеясы: толғаныстар/ Т.Жұртбай. – Алматы: Хантәңірі, 2016. – 378 б.
7. Жұртбай Т. Жолы болған жолаушы. Ғылыми экспедициялардың күнделіктері. Т.Жұртбай. – Алматы: Дәуір, 2019. – 352 б.
8. Жұртбай Т. «Ұраным – алаш!». – Алматы: Кітап баспасы, 2019.
9. Жұртбай Т. Талқы. 3-кітап. – Алматы: Кітап баспасы, 2019. – 800 б.
10. Жұртбай Т. «Ұраным – алаш!». – Алматы: Кітап баспасы, 2019. 2-кітап, Тез. – 2019. – 528 б.
11. Қазақ қолжазбалары. Көне түркі және қазақ әдеби мұралары (б.д.д. Ү ғ. Бастап – XX ғ. дейін). 10 томдық басылым. Жоба жетекшісі ф.ғ.д., профессор Жұртбай Т. 10- том. Исин А. Ортағасырлық жыраулар шығармалары. «Әділ сұлтан» эпикалық жыры. Қазақтың бата-тілектері. Қара өлеңдер мен қайым айтыс үлгілері. 3. Пазылбай. Ескендірнама. Ғ.Г. Баттал: Түрік – татар тарихы. – Алматы: Ел-шежіре, 2018. – 620 б.
12. Халиди Қ. Тауарих-и хамса-и шарқи – Шығыстың бес елінің тарихы: бірінші кітап. Қолжазба, кітаби нұсқа, транскрипция, факсимиле, қазақ тіліне жолма жол аударма және аударма. Қазақ тіліне аударған және алғы сөзін жазған, Жұртбай Т., қазақ тіліне жолма жол және көркем аударғандар, ғылыми түсініктерін жазғандар Мұстафаев Б., Бегімтаев Ш. – Астана, ҚР ҰАК, 2019. – 326 б.

13. Халиди Қ. Тауарих-и хамса-и шарқи – Шығыстың бес елінің тарихы: екінші кітап. Қолжазба, кітаби нұсқа, транскрипция, факсимиле, қазақ тіліне жолма жол аударма және аударма. Қазақ тіліне аударған және алғы сөзін жазған, Жұртбай Т., қазақ тіліне жолма жол және көркем аударғандар, ғылыми түсініктерін жазғандар Мұстафаев Б., Бегімтаев Ш. – Астана, ҚР ҰАК, 2019. – 314 б.

14. Жұртбай Т., Махат Д., Марғұлан Д., Академик Әлкей Мағұланның ғылыми-эпистолярлық мұрасын жинау, жүйелеу және зерттеу. Пікірлер, рецензиялар, хаттар, ашық хаттар. Ұжымдық монография. – Алматы: Асыл кітап, 2021. – 240 б.

15. Жұртбай Т. Еңбек сүйген өмір («Тілше» мен «Күнделіктің» негізінде жазылған эпистолярлық эссе. – Алматы: Үркер. – 2021. – №8. – Б. 13- 22.

16. Жұртбай Т. Дәрілқарап (Абайдың сыртқы әлемі: әдеби-салыстырмалық талдау). – Нұр-Сұлтан: БиКа, 2021. – 315 б.

Шет елден шыққан кітаптары (Оқулықтар):

17. Жұртбай Т. Түрік әлеміне ортақ тұлға (Ағартушы, ақын, аудармашы, публицист Мағжан Жұмабаев). Авторлық, ұжымды қжинақ (Ә.Қара, Д.Махат, Е.Сыламхан) – Стамбул: Университет баспасы, 2020. – 264 б.

18. Жұртбай Т. Халық ауыз әдебиеті – тарихи дерек ретінде . Оқулық. 1-кітап. Пекин Орталық мемлекеттік ұлттар университеті. Қазақ-тіл әдебиеті факультетінің ғылыми кеңесі ұсынған (Университеттердің әдебиет және тарих факультеттерінің магистратурасының бірінші курсына арналған арнайы дәріс). Алғы сөзін жазғандар Ж.Смағұлов (Қазақстан), М.Хамзайин (Пекин), Ә.Қара (Станбол). Ғылыми ред. Н.Кәлелханұлы (ҚХР, Пекин). Араб қарпінде басылған. – Бейжің: Университет баспаханасы, 2018. – 356 б.

Абайдың туғанына 175 жыл толуына арналған «Еуразия университеті» баспасынан 2020 жылы баспадан шыққан кітаптары:

19. Жұртбай Т. Бұл сөзімде жалған жоқ... (Абай өлеңдерінің жаңадан табылған қолжазба нұсқалары). Монграфия. – Нұр-Сұлтан: ЕҰУ баспасы, 2020. – 640 б.

20. Жұртбай Т. Кешегі өткен би Құнанбай... (...Қандай еді: тарихи және әдеби тұлға). Монграфия. – Нұр-Сұлтан: ЕҰУ баспасы, 2020. – 340 б.

21. Жұртбай Т. Соқтықпалы, соқпақсыз заманда өсті... (Абай және оның ортасы). Монграфия. – Нұр-Сұлтан: ЕҰУ баспасы, 2020. – 540 б.

22. Жұртбай Т. Ол боламын демейдер... (Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты зерттеу). Монграфия. – Нұр-Сұлтан: ЕҰУ баспасы, 2020. – 420 б.

23. Жұртбай Т. Сол шыншыл... Абайдың ар-ождан, иман, ақыл, қайрат философиясы. Монграфия. – Нұр-Сұлтан: ЕҰУ баспасы, 2020. – 350 б.

24. Жұртбай Т. Құнанбай. Тарихи тұлға. Монография. – Нұр-Сұлтан: Фолиант. 2020. – 580 б.

Профессор Т.Жұртбайдың ғылыми-шығармашылығы туралы жазылған еңбектер (қазақ, ағылшын тілдерінде):

25. Төлеубаева К.А. Тұрсын Жұртбай (Ғылыми-көркем шығармашылығы). Монография. – Қарағанды: Мағжан баспасы, 2019. – 208 б.

26. Toleubaeva K.A. Tursyn Zhurtbay (scientific-artistic compositions): Monography. – Karagandy: Maczhan printing house, 2019. – 208 p.

27. Өнегелі өмір. Тұрсын Жұртбай. – Алматы: Akadem kitap, 2021. – 400 б.

A.M. Azmukhanova

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan
(E-mail: aiaz67@mail.ru)*

**To the anniversary of the scientist and writer
(Tursyn Zhurtbay – 70)**

А.М. Азмуханова

*Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Нур-Султан, Республика Казахстан
(E-mail: aiaz67@mail.ru)*

**К юбилею ученого и писателя
(Турсыну Жұртбаю – 70)**

Автор туралы мәлімет:

Азмұханова Айман Махсотқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, шығыстану кафедрасының қауымд. профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көшесі, 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы.

Information about author:

Azmukhanova Aiman Makhsotovna, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of Oriental Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, K. Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan.

Сведения об авторе:

Азмуханова Айман Махсотовна, кандидат исторических наук, ассоц. профессор кафедры востоковедения, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Нур-Султан, Республика Казахстан.